



АСТАНА

АҚШШАМЫ

Айтыс арқауы – Астана

Елорданың 20 жылдық мерейтойына арналған «Астана – мәңгілік елдің темірқазығы» атты жас ақындар айтысы өтті. Айтулы шараны қалалық Қоғамдық даму істері басқармасы мен «Жастардың әлеуметтік және тұрақты даму» қоры ұйымдастырды. «Жастар 1» арнасы ақпараттық қолдау көрсетті.



Сөз сайысына қатысуға еліміздің барлық өңірінен 20 жас айтыскерден өтініш түскен. Соның ішінен сарапшылар 14 ақынды іріктеп алыпты. Шараны белгілі ақын, республикалық айтыстардың бірнеше мәрте жүлдегері Еркебұлан Қайназаров жүргізді.

Қоғамдық даму істері басқармасының бөлім басшысы Бақытжан Жүнісбековтің айтуынша, бұл шараның мақсаты – ел жүрегі – елорданың бүгінгі әсем келбеті мен жетістігін кестелі сөзбен әспеттеу.

Сахнаға алғашқы жұп болып Сыр бойынан келген Сырым Әділбек пен ақтөбелік Нартай Тілеуқұл шықты. Екеуі де жігерлі жас. Жыр сайысында әбден ысылғандары байқалады. Сахнада өздерін еркін ұстады. Сөздері де түйдек-түйдек. Бір-біріне қамшы салдырмай шапты. «Целиноград болып тұрған Сарыарқаны, Патшамыз Астана деп мәлімдеген» деп Нартай құйғыта жөнелсе, Сырым: «Алдарыңызға алғаш болып біздер келдік, Сарбаздарды бастаған сардардай болып» деп өрнекті сөзбен жұрттың делебесін қоздырды. Жалпы, ақындардың бәрі айтысқа тас-түйін дайындықпен келген. Сөзді әріден қозғап, тереңнен ой толғады. Қоғамдағы жағымсыз көріністерді түйреді. Замандастарының ұлттық болмыстан ажырап бара жатқандығына қынжылды. Кешегі Алаш арыстарын ардақтады. Құрдастар арасындағы қалжыңның да көрігін қыздырды. Қыз бен жігіт арасындағы әдемі әзілді өрістетті.

Жас жүйріктерге баға берген тұлғалар да олқы емес. Оларға белгілі айтыс ақындары Балғынбек Имашев, Мұхтар Ниязов, Сара Тоқтамысова, Талант Арғынғали, Жандарбек Бұлғақов және Қоғамдық даму істері басқармасы басшысының орынбасары Әлия Қожаева қазылық етті.

Сонымен, жыр сайысының мәресі өз кезегіне жетті. Елордалық ақын

Сұлужан Таубалдының бағы жанып, бас жүлдені жеңіп алды. Екінші орынды Отырардан келген дарынды жас Мұхит Бабақұл иеленді. Үшінші орын шымкенттік өрен Дәурен Ысқаққа бұйырды. Жеңімпаздардың бәрі де бағалы сыйлықтармен марапатталды. Сондай-ақ, барлық қатысушыларға Астана қаласы әкімінің атынан диплом табыс етілді.

Азамат Есенжол